

Камышин ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 25 "Камышин селолық округінің Чистый Чандак селосының құрамдас бөлігін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 маусымда № 4841 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орнамастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Камышин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. "Камышин селолық округінің Чистый Чандак селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" Камышин ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 25 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тіркелімінде 9-20-119 тіркелген , 9 қаңтарда 2009 жылғы, "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы Камышин селолық округі, Чистый Чандак селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:";

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Камышин ауылдық округінің әкімі

С. Беккалиев